

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТІЛДІ
Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
№ хаттама « » ж.
Факультет деканы
Б.Б.Мейірбаев

«Жоғары мектеп педагогикасы» пәні бойынша

қорытынды емтихан бағдарламасы
/2023-2024 оқу жылы/

Білім беру бағдарламалары: 7М03203- Халықаралық журналистика , 7М02102- Дизайн,
7М04104- Мемлекеттік және жергілікті басқару, 7М03214- Бизнес коммуникация,
7М02104-Медиадизайн, 7М02103- Баспа менеджменті және типография, 7М02105-
Креативті индустриялар, 7М01401-Денешынықтыру және спорт,7М10117- Фармация

Кредит саны - 5

1-курс

Алматы, 2023-24

Алғысөз

Қорытынды емтихан өткізу формасы :

Қорытынды аттестаттау **жазбаша (офлайн)** емтихан түрінде өткізіледі.

Емтихан билеттері Univer жүйесіне енгізілген сұрақтар бойынша құрастырылады.

Билеттер оқу нәтижелеріне сәйкес келетін 3 сұрақтан тұрады: когнитивтік құзыреттер (білу және түсіну); функционалдық (қолдану және талдау); жүйелік (синтез және бағалау).

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

Жазбаша емтиханның сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмалары мазмұны негізінде құрастырылады. Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Емтихан – **жазбаша**. Емтихан форматы- **офлайн**

Тапсыру күні мен уақыты: *емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады*

Емтихан уақыты: 2 сағат

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

Қорытынды емтиханда қарастырылатын сұрақтар тізімі:

- 1- Жоғары мектеп педагогикасының теориялық негіздерін сипаттаңыз.
- 2- Педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі рөлін негіздеңіз.
- 3- Қазіргі таңдағы жоғары білімнің даму тенденциясын сипаттаңыз.
- 4- Білім берудегі кәсіби шеберлікті түсіндіріңіз.
- 5- Жоғары білім беруді модернизациялау бағытын талдаңыз.
- 6- Кредиттік оқыту технологиясының талаптарын саралаңыз.
- 7- Білім беру мазмұнын талдаңыз.
- 8- Инновациялық технологияның білім берудегі мәнін түсіндіріңіз.
- 9- Жоғары оқу орнындағы басқару қызметін зерделеңіз.
- 10- Инклюзивті білім берудің өзектілігін айқындаңыз.
- 11- Жоғары мектептегі тәрбие процесінің мәнін саралаңыз.
- 12- Білім берудегі мұғалімнің цифрлық сауаттылығын талдаңыз.
- 13- Оқыту процесінің қызметі және олардың өзара байланысын анықтаңыз.
- 14- Ғылыми зерттеудің құрылымын түсіндіріңіз.
- 15- Білім берудегі менеджменттің мәнін саралаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
2. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
3. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы / [Ж.Р. Баширова, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова және т. б.]; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2015.- 188,
4. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. Монография. – Алматы, 2017. – 160 с.
5. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective: оқулық /Д.Шунк; [ауд. Б.М. Мизамхан; жауапты ред. А.Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюрось» ҚҚ, 2019. - 607 б.
6. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. – Алматы, 2011.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты ауызша / жазбаша нысандар үшін)

Пән: Жоғары мектеп педагогикасы

Форма: жазбаша. Платформа: UNIVER

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен ЖМІП пәні барысында ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалау тұжырымдамаларын білу және түсіну	Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі жоғары екенін байқатады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы.	«Қанағаттанарлық» бағасы ұсынылған емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
2 сұрақ 35 балл	ЖМП пәнінен сызбалар, кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу.	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы.	Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалануы.	Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі.	Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)

<p>3 сұрақ 35 балл</p>	<p>ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалауды, анализ жасауды практикалық тұрғыда талдай алу.</p>	<p>Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).</p>	<p>Тұжырымда малық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдар дағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырым-дамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді.</p>
--	---	---	--	--	---	---

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 35 балл.